

ӨОЖ 821.512.122:94(574.1); МҒТАР 17.71.91
<https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.287>Ж.К. КОЖАБЕКОВА¹✉, М.М. САБИТБЕКОВА², Ш.Ш. УТАРГАЛИЕВА³¹PhD докторант, e-mail: nur-sultan-93.93@mail.ru

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

²аға оқытушы, e-mail: nurmai_66@mail.ru³аға оқытушы, e-mail: shuga.utargalieva@mail.ru^{1,2,3}М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ.)**СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІНДЕГІ АЙТЫС:
ЖАУЫНГЕРЛІК РУХТЫҢ ЖЫРЛАНУЫ**

Аңдатпа. Мақалада айтыс өнерінің екінші дүниежүзілік соғыс жылдары тұсындағы жандануы мен ақпараттық, насихатшылық, деректік сипаттары айқындалады. Қазақстанның Батыс өңіріндегі айтыстағы жауынгерлік рухтың жырлануы: ерлік пен еңбекке ақындардың үн қосуы баяндалып, зұлмат жылдардағы рухты жырлар арқылы айтыстың тарихи құндылығы анықталады. Айтыс жырларының соғыс кезеңіндегі мазмұндық ерекшелігі уақыт пен қоғамдық арақатынас негізінде талданады. Соғыс жылдарындағы кеңестік идеологияның айтысқа әсері, айтыс ақындарының тақырып ауқымдылығы және ерлік майданы мен тыл еңбегін жырлаудағы тіл шеберлігі мысалдар арқылы көрсетіледі. Айтыстағы елді сүю, Отанды құрметтеу, туған жердің топырағын қадірлеу, еңбек майданындағы ерлерді мадақтай отырып, ел арасындағы әділетсіздіктерді әшкерелеу айтыс тарихындағы дәстүрлі үрдіспен сабақтастырыла қарастырылады. Қоғамдық пікір қалыптастырудағы айтыстың рөлі айқындалып, идеология мен елдік мүдде үшін төл өнер таптырмайтын құрал екені айтылады. Ел басына күн туған сонау соғыс жылдарында да айтыс сияқты өміршең өнердің өлмей, қайта жандана түсуі ұлт мүддесінің қамқоршысы екенін, болашақта да қоғаммен, халықпен бірге жасасып, бірге өсетін насихат құралы ретінде айқындалып, тұжырымдалады. Атыраулық айтыс ақындарының айтыстарындағы рухты жырлары талданып, Қазақстанның Батыс өңірінде соғыс тұсында өткен айтыстардағы сөз саптау ерекшеліктеріне шолу жасалады.

Кілт сөздер: айтыс, айтыс ақындары, жауынгерлік рух, идеология құралы, айтыстың ақпараттық сипаты, халықтың тұтастығы, тарихи үндестік.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Кожабекова Ж.К., Сабитбекова М.М., Утарғалиева Ш.Ш. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның батыс өңіріндегі айтыс: жауынгерлік рухтың жырлануы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 224–235. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.287>

***Cite us correctly:**

Kozhabekova Zh.K., Sabitbekova M.M., Utargalieva Sh.Sh. Sogys zhyldaryndagy Qazaqstannyn batys onirindegi aitys: zhauyngerlik ruhtyn zhyrlanuy [Aitys in the Western Kazakhstan During the War: Glorification of the Fighting Spirit] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – Б. 224–235. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.287>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.04.2025 / жарияланған күні 30.12.2025

Zh.K. Kozhabekova¹, M.M. Sabitbekova², Sh.Sh. Utargalieva³¹PhD Doctoral Student, e-mail: nur-sultan-93.93@mail.ru

K. Zhubanov Aktobe Regional University

²Senior Lecturer, e-mail: nurmai_66@mail.ru³Senior Lecturer, e-mail: shuga.utargalieva@mail.ru^{1,2,3}West Kazakhstan M. Ospanov Medical University (Kazakhstan, Aktobe)**Aitys in the Western Kazakhstan During the War: Glorification of the Fighting Spirit**

Abstract. The article reveals the informational, propagandistic, effective nature and the revival of the specific art form of aitys during the Second World War. Glorification of the fighting spirit in aitys in the Western region of Kazakhstan is examined, including the poets' praise of the heroism and labor is told, the historical value of aitys is revealed through the spiritual glorification of the difficult war years. The substantive specificity of aitys during the war is analyzed based on the relationship between time and society. The influence of Soviet ideology on aitys during the war years, the scale of the aitys theme and the examples demonstrate the skill of akyns in glorifying the heroic front and rear labor. Love for the country, respect for the Motherland, devotion to the native land of the native land, praising men on the labor front, and exposing injustice between countries in aitys are considered in continuity with traditional trends in the history of aitys. The role of aitys in shaping public opinion is determined, it is emphasized that this art is an indispensable tool for ideology and for the interests of the country. During the harsh years as well as during the Great Patriotic War, the revival of a resilient art such as aitys is defined and formulated as a means of propaganda that will live and grow with society, the people and in the future. The spiritual motifs in the aitys of the poets of the Atyrau region are analyzed, and a review of the aitys in the Western region of Kazakhstan during the war is conducted.

Keywords: aitys, aitys poets, fighting spirit, instrument of ideology, information characteristics (or description) of aitys, integrity of the people, cultural harmony with nature.

Ж.К. Кожабекова¹, М.М. Сабитбекова², Ш.Ш. Утаргалиева³¹PhD докторант, e-mail: nur-sultan-93.93@mail.ru

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова

²старший преподаватель, e-mail: nurmai_66@mail.ru³старший преподаватель, e-mail: shuga.utargalieva@mail.ru^{1,2,3}Западно-Казахстанский медицинский университет им. М. Оспанова (Казахстан, г. Актобе)**Айтыс в западном регионе Казахстана в годы войны: воспевание боевого духа**

Аннотация. В статье раскрывается информационный, пропагандистский, действенный характер и возрождение специфического искусства – айтыса в годы второй мировой войны. В статье рассказывается о воспевании боевого духа в айтысе: воспевание поэтами подвига и труда, раскрывается историческая ценность айтыса через духовное воспевание суровых военных лет в Западном регионе Казахстана. Содержательная специфика айтысов в период войны анализируется на основе соотношения времени и общества. Описывается влияние советской идеологии на айтыс в годы войны, масштабность темы айтысов и на примерах демонстрируется мастерство акынов в воспевании героизма на фронте и в тылу. Любовь к стране, уважение к Родине, уважение к родной земле, восхваление участников трудового фронта, разоблачение несправедливости между странами в айтысе рассматриваются в преемственности с традиционными тенденциями в истории айтысов. Определена роль айтыса в формировании общественного мнения, подчеркивается тот факт, что искусство

является незаменимым инструментом для идеологии и для интересов страны. В трудные годы, как и в период Великой Отечественной войны, возрождение жизнеспособного искусства, такого как айтыс, определяется и формулируется как средство пропаганды, которое будет жить и расти вместе с обществом, народом и в будущем. Анализируются духовные псалмы в айтысах поэтов Атырауского айтыса, а также проведен обзор айтысов в Западном регионе Казахстана в период войны.

Ключевые слова: айтыс, поэты айтыса, боевой дух, инструмент идеологии, информационная характеристика (описание) айтыса, целостность народа, культурное созвучие с историей.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс тұсында айтыс табиғи болмысынан ажырамай, суырыпсалмалығымен қатар салмақты міндеттерді бойына сіңірді. Ол уақытта өткізілген айтыстарда алдын ала ақындарға идеологиялық-саяси кеңестердің өткізілуінің өзі осыны аңғартады. Дәстүрлі өнер өзінің ғасырлар бойғы тарихында екі ақынның бір-бірін жеңу үшін жеке бастағы мінін теріп, рушылдық тартыстарды жырлай отырып, елдің мұң-мұқтажын айтып, шенділерді мұқатудан арылып, қос ақынның ортақ бірлікті, еңбекті, ерлікті, батырлықты, адамшылықты жырлап, жалпы халықтық мүддені алға тартады. Бұған дейінгі айтыстарға арнайы тақырып берілмейтін. «Сондықтан айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау болып бұтақталып кетеді, сол бұтақтардың бәрі халық тұрмысының шындығын біршама дұрыс та дәл бейнелей алады» [1, 5-б.]. Ал соғыс жылдары ақындар үшін ортақ тақырып – жеңісті жақындату болды. Ол үшін ақындар қиналған халыққа жігер беру, еңбекке үндеу, жеңіске үлес қосуға шақыру секілді тақырыптарды қамтыды.

Айтыстың қайта түлеп, жаңа қырынан жанданған тұсы да соғыс жылдары еді. Қоғамдық пікір қалыптастырудағы ақындар айтысының ықпалы білініп, мемлекеттік мүдде үшін аса маңызды шығармашылық өнер екендігі айқындалғаны да осы кезең [2, 8-б.]. Жаңа қалыптағы жыр мүсінін қашаған ақындар импровизациялық қабілеттерін жаңа мазмұнда жауынгерлік рухты жырлап, үгіт-насихаттық, ақпараттық бағыттағы қызметті атқару үшін жұмсады. Осы орайда Қазақстанның Батыс өңірі айтыс ақындары бұл науқаннан тысқары қалмады. Дәйекті пікірімізді «Ақберен айтыс» мақаласының авторы, ғалым Көбей Сейдаханұлының «Қаһарлы сөз, қамал бұзады» атты жинақ алғысөзіндегі мына жолдары: «Соғыстың басталғанына апта өтпей-ақ, 26 маусым күні Батыс Қазақстан, Гурьев (қазіргі Атырау) облыстарының ақындары Гурьев қаласындағы мұнайшылар сарайына жиналып кеңесті» [3, 3-б.] деген жолдары дәлелдей түседі. Аталған басқосуда гурьевтік Сәттігүл Жанқаблов есімді ақсақал ақын сөз сөйлеп, халық ақыны ретінде еңбектерін халықты елжандылық, отаншылдық рухта тәрбиелеу үшін маңызды іске жұмсайтынын мәлімдеді. Айтыс ақындар қаласын, қаламасын өзі өмір сүрген заманның шекпенін киіп, шерін шертуге, әлеуметтің әлеуетін көтеру жолында елдің мұңын жоқтауға, тілегін тыңдай отырып, оны ел алдында ақтаруға бейіл. Себебі қай заманда да ақынның қарапайым адамдардан айырмашылығы басқа адамдардың сезбегінен сезіп, алдағыны болжап, сөзі жетпегеніне ойы жетіп, жырына арқау етеді. Мәслихатқа қатысушы ақын Жармұхан Айтжановтың «Біз жеңеміз!» атты жыр шумақтары отырғандарға отты рух берді. К. Сейдаханұлы бұндай мәслихат жиындарының бүкіл Қазақстанды қамтығанын, ал оның батыстан, соның ішінде Гурьевтен бастау алғанын баса айтады.

Қазақстанның Батыс аймағынан бұл келелі мәслихатқа сол кездегі айтулы ақындар Нұрпейіс Байғанин, Сәттігүл Жанқабылов, Жармұхан Айтжанов, т.б. қатысты. Ел басына күн туған қаралы сәтте қағажу көрген халыққа патриоттық отты жырларымен рух беріп,

жауынгерлерді жеңіске, халықты бірлік пен еңбекке үндейтін айтыс жырлары нағыз насихат құралына айналды. Өртүрлі ұлт өкілдері бір тудың астына бірігіп, советтік отансүйгіштіктерін байқатқан бұл майдандағы ақындардың еңбегі ұшан теңіз. Әуезовше айтсақ, совет кезеңіндегі елжандылық сезім – не десек те қадірлі, қасиетті, аяулы сезім. Сондықтан жұртымыздың ақын-жазушылары кеңестік отансүйгіштіктің жаршысы [4, 20–21-бб.] бола алды. Бұл жерде елжандылық, отансүйгіштік сезімді халық бойында қалыптастыруда, идеологияның мазмұнын байыту, өзіндік сана, мінез бен мәдениетті дамытуда айтыс өнерінің маңыздылығы туралы зерттеулерде «айтыстағы идеология бұл уақыт факторларымен анықталатын білім, тәжірибе, талғамға байланысты жаңарып отыратыны» жайлы айтылады [5, 129-б.].

Сондай ел басына күн туған шақта айтыс ұйымдастырылып, ақындар шығармашылығының қолға алынуының түп-төркінінде идеология мәселесі жатқаны айтпаса да түсінікті. Тылдағы еңбекші елге жігер беріп, жеңіске деген сенімдерін күшейту, елдің еңсесін көтеруге ақындар шығармалары арқылы әсер ету болды. Жамбыл бастаған халық ақындары майдандағы ерлік пен тылдағы еңбекті қатар жырлады. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезінде ақтөбелік төкпе ақын Нұрпейіс Байғанин бейбіт күндегіден әлдеқайда өнімді де маңызды іс атқарды. Н. Байғанин қанды жылдардың бастапқы күндерінен бастап-ақ елмен етене араласып, отты жырларын дұшпанға оқты қарудай пайдалана білді, халықтың қажырлы еңбегін жырлады, жауды тез жеңуге шақырды. Ғалым Р.Бердібайдың кеңес өкіметі кезеңіндегі еңбекшілерге жасалып жатқан жағдайлар мен қамқорлықты ел ішінде насихаттап, дәріптеу үшін өкіметтің ақындарға әлеуметтік тапсырысы пен зәрулігінен туындаған болатын [6, 166-б.] - деген жолдары бұл сөзімізді айғақтай түседі.

Соғысқа дейінгі кезеңдегі ақындар айтысының тақырыптық ерекшеліктері ру таласы, қыз бен жігіт қағысулары, ру байларын мадақтау жырлары секілді көрініс тапса, Ұлы Отан соғысы тұсында ақындар шығармашылығы кеңестік кезең аясында өрбіді. Әр ақын замана жыршысы ретінде өз заманы мен өмір сүрген дәуіріне, өзі ғұмыр кешкен мезгілі тұрғысынан баға береді [7, 22-б.] деген тұжырым ойға қонымды. Айтыс сюжеті сол кездегі мәдениет пен қоғамдық үрдістердің өзара байланысын бейнелейтін ұлттық даму мен бірегейлік тарихына көз жүгіртуге мүмкіндік береді.

Соғыс жылдарындағы ақындар айтысының басқа кезеңдермен салыстырғанда әлеуметтік жүгі мен ақындарға артар жауапкершілігінің зор екенін білеміз. Соғыс өрті лаулап тұрған сәтте өткен ақындар айтысында баяндама жасаған С. Мұқанов «сол уақыттағы айтыстардың бұрынғыдай ру талас-тартыстары ғана емес, ақындардың бір-біріне кемшілігін тізіп, мін іздеп, сын айтып отыратын шағы емес, бұл айтыс сын сағатта туған жерге деген құрметтің, соғыс уақытында дұшпандарды жылдам жеңіп кетудің маңызды шарасына» айналатынын баса айтады. Бұл айтыс Алматы шаһарында Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында 1943 жылғы желтоқсанның төртінші жұлдызында өткен болатын.

«...Бүгінгі айтысы ақынның,
Емес ру таласы...
...Ұлы Отан соғысы,
Күндерінде сынасу,
Жауды жылдам жеңудің,
Қарастырған шарасы».

Айтыс тек соғыс жылдары ғана емес, ел басына күн туған қай замандардан өзінің ерекше өнер екенін дәлелдеп келеді. Елімізде 2020 жылдары тараған Covid вирусы кезінде де импровизациялық өнерді онлайн айтыс ретінде өткізіп, виртуалды ортаға да бейімдеп жібергені белгілі. Сақтық шараларын сақтап отырған әр тұрғын онлайн айтыс тамашалап,

шабыттарына шабыт қосылып, кесел деген дұшпанды жеңуге деген талпыныс тудырды. Сол сияқты соғыс кезеңіндегі айтыс өз мазмұнын байыта түспесе, тұғырынан тая қоймады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Соғыс жылдарында өткен 17 айтыс алғаш рет «Жазушы» баспасынан шыққан III томдық «Айтыс» (1966 ж.) кітабында жарияланса, 1995 жылы Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерейтойына арналып Алматыдағы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Қаһарлы сөз қамал бұзады» жинағына 23 айтыс, Астана қаласындағы «Күлтегін» баспасынан 2014 жылы жарық көрген «Қазақ өнерінің антологиясы» Айтыс III томында 1941-1945 жылдары өткізілген 20 айтыстың мәтіні берілген. Осы кітаптардың ішінде Қазақстанның Батыс өңірінен атыраулық Сәттіғұл Жанғабылов пен Құмар Жүсіповтің, Құмар Жүсіпов пен Сұраубай Үттібаевтың айтыстары кездеседі. Зерттеу әдісінің материалы ретінде жоғарыда аталған атыраулық ақындардың айтыс мәтіндері алынды.

Аталған зерттеу барысында екінші дүниежүзілік соғыс кезеңдерінде азаматтық, идеологиялық, насихатшылдық функцияларды өнер өкілдері, әсіресе айтыс ақындары мен жыршы-жыраулар атқарғанын Ғ. Мүсірепов, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Қирабаев сияқты жазушы ғалымдар пікірін назарға ала отырып, көз жеткіздік. Дәйекті ойымыздың дәлелі болсын М. Әуезов өз еңбегінде төлтума өнеріміздің заман ағымына орай күнделікті халықтың тыныс-тіршілігіне қатысты жанр екенін [8, 5-б.] жазған болатын.

Тақырыпты зерттеу аясында соғыс жылдарында бұрынғы Гурьев қаласында өткен ақындар айтыстарының мәтіндеріне шолу, салыстыру, сипаттау, жинақтау, ғылыми талдау әдістері пайдаланылды.

Талдау мен нәтижелер

Сәттіғұл мен Құмар айтысы нағыз қылышынан қан тамып тұрған майданның қызған тұсы 1943 жылы өткізілген. Бұрынғы Гурьев облысының Бақсай және Есбол аудандарының атынан шыққан екі ақын бақ сынасқан. Материал М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында (452 бума) (мәтін («Айтыс» Алматы, «Жазушы» 1966, III том, 123-127 беттер) сақталған.

Айтысты Бақсайлық ақын Сәттіғұл сәтті бастай келе:

Айбынды күші құрыш алыптарым,

Түрлентті мал өсіру бағыттарын.

Майдан мен тылға біздер түгел жеттік,

Беруде азық-түлік жабдықтарын.... -деп ауданының жетістіктерін тізе келіп, майдан мен тылға жасалып жатқан қамқорлықты жырлайды. Қаһарлы жылдар парақтарынан тарихқа көз жүгіртсек, соғыс жылдары бақсайлықтардың бей-жай қалмай жауынгерлерге жылы киімдер (тондар, байпақтар, қолғаптар) жіберіп, май және балық өндіруде алға шыққанын айтады. Сонымен қатар Сәттіғұл ақын өлеңдерінде Жылқышы Тайғара, Имашев, Көшкінбаев комбайнерлердің аты мақтанышпен аталады. Осыны айта келе Сәттіғұл ақын:

Осындай мақтан етем ерлерімді,

Ұйымшыл бәтуалы ер көңілді.

Сұраймын, ақын Құмар білу үшін,

Қайтарып айтшы маған дерегіңді, - деп қарсыласына сұрау тастай кезек береді. Рулық тайпалық дәуірлердегі айтыстағы ру атынан сөйлеу, рудың мықты азаматтарын тілге тиек ету сияқты дәстүрлерінің жұрнағы соғыс жылдарындағы, жалпы кеңес кезеңіндегі айтыстардан көрініс береді. Бұл кезде ақындар шыққан аудан, колхоз, совхоз немесе облыс атына кір келтірмей, керісінше соларды мақтауға, тұлғаларын насихаттауға көп көңіл бөледі. Сәттіғұл да айтыстағы осы дәстүрді ұстанады.

Өз кезегінде Құмар қалыс қалмай:

«Алға», «Еңбек», «Жаңа құрылыс» колхозым бар,
Айтпайын жетістігін оның неғып.
«Степан Разиндей» колхозымның,
Байлығы Қазақстанда бірінші алып.
Белгілі елге еңбегі ерлерім бар,
Тыңдаңыз, тамашасын құлақ салып.
Шүйіншіқалиев Қапан менен Абуева,
Ержүрек жолбарыстай келед жарып.
Есмұратов Қалым атты жылқышым бар,
Майданға көмектескен күшін салып.
«Передовик» колхозында Көшекбаева,
Көрген жоқ бұл жолдастар артта қалып.
Аянбай Отан үшін еңбек істеп,
Жеңістің мен отырмын күйін қағып.
Біз алдық ауыспалы «Қызыл Туды»,

Сен қалдың сасқалақтап, естен танып, - деп Есбол (қазіргі Индер ауданы) ауданының да біраз жетістіктерін жіпке тізгендей жырлайды. Тақырыптардың қамтылуы, мәселелерді көтеруі тұрғысынан отты кезеңдердегі айтыстар өресі биік, бүкілхалықтық сипатқа ие ерекше құбылыс болғаны осы айтыстан анық байқалады. Төл өнердің басты мақсаты мен нақты нысанасы – өмір шындығын бетпе-бет жарыста тауып айтып, қарсыласына ұтымды жауап қайтару. Ел басына күн туып, қанды қырғын болғанда айтыс ақындары сол тақырыпты көтеріп, халыққа рух беріп, тәжірибесі мол ақиық ақындар қапысын тауып, сын-пікірді әділ айта білген. Сөйтіп, ақкүйек өнер арқылы жұртшылықты ауызбіршілікке, тұтастыққа үндейді. Ақындардың айтыс мәтіндеріндегі азаматтардың аты-тегі арқылы сол қанқұйлы сәттерде ауданның билік басында, тылдағы еңбекті ұйымдастырып жүрген білікті басшыларды, ел үшін еңбегін аямаған қарапайым жұмысшыларды, сонымен қатар соғысты өз пайдасына шешіп, қара басының қамын күйттеген пайдакүнем басшысымақтарды анық байқаймыз.

Өз кезегінде Сәттіғұл ақын өмір сүрген уақытындағы аудандағы жемқорлықты әшкерелей жырлайды:

...Сол малдан, сезіп тұрмын, жепсің жілік.
Жілікке тоймай қалып тағы жепсің,
Тойдың ба төрт түліктің басын мүжіп?
Мұныңды есіткенде ел күлді ғой,

Шіріпті қарға көмген етің қызып... [9, 198-б.]. – деп Құмар келген ауданның 1034 басты малды төлімен кемітті деп салмақ сала жырлайды. Айтысты оқи отырып, сол заманға саяхат жасағандай күйде боласың. Ол туралы айтысты зерттеуші, әдебиет өкілі С.Мұқанов «Айтыс – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы, қайғысы, саяси-шаруашылық тұрмысы, мәдениет дәрежесі, замана идеологиясы, әдет-ғұрпы, жалпы, әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары көрінеді. Сондықтан айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау болып бұтақталып кетеді, сол бұтақтардың бәрі халық тұрмысының шындығын біршама дұрыс та, дәл бейнелей алады» [10, 22-б.].

Сәттіғұл ақын сөзін:

Ақындар айтысуға келдік бүгін,
Жарысып шығардыңыз сөздің сырын.
Тақымдап бір-біріңді қуа бермей.
Тоқталып, ескерелік істің түрін.

Таусылмас көп айтқанмен сөздің арты,
Шешілмес сыналмаса істің парқы.
Тыңдаңыз құлақ салып асылдарым,
Айтады тәжірибесін ақындардың.
Қиратар қиындықты ерлік, бірлік,

Майданға көмек берген батырларым. –деп ерлік пен бірліктің арқасында жауды жеңе алатын жауынгерлік рухпен аяқтайды. «Шешілмес сыналмаса істің парқы» деген жолына ақын сыртта қандай кезең болып жатырса да, айтыс сахнасы шындықтың, сынның, ақиқаттың мекені екенін сыйдыра білген. Тек майданда жүргендер ғана емес, тылда да талай шаруаны жасап жүрген қарапайым халықтың батырлары бар екенін жырына арқау етеді.

Атыраулық айтыс ақындары Құмар мен Сұраубай айтысы соғыс жылдарындағы рухты айтыстардың бірі. Шабыт рухпен бірге жүреді, майдан мен тылдағы әр адамның ерлігі мен еңбегі, ақындардың телегей теңіз жырлары, қуат алар шалқар шабыты– жауынгерлік рух екенін мойындатқан сөз қағысу болған. Елдегі маңдай алды еңбекке жарамды азаматтар майданға аттанды, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін, тіпті нәзікжандылар тыл еңбегінен босамады. Рухты жырлар бойға қуат беріп, жеңіске жігерлендірді, ел еңсесін көтеруге көмектесті. Рухты азаматтардың ұйымдастыруымен ұмыт болған ұлы өнер аяғынан тік тұрды, жалынды жырлар баспасөз бетіне жарияланды.

Айтысты бастаған Сұраубай ә дегеннен жауынгерлік рухта жыр бастайды:

Моторлы қызу майданда,
Қажымас қайсар ерлерге.
Күш көмегін беруге,
Ағып жатқан май мұнай,
Жердің көзі тесіліп.
Мұнай байлық мәңгілік,
Үзілмейтін кесіліп.
Қиратты жауды ерлерім,
Күннен-күнге өшігіп,
Біз жеңеміз, жеңеміз,

Дұшпанның үнін өшіріп,
Тезінен жауды жоямыз,
Дұшпанға ойран саламыз,
Қайырып тауын шағамыз.
Күшейтейік сол үшін,
Тегеурінді тылдағы.
Жеңіске тартқан табысын,
Ақындар міне жырлады.
Ал ақындар, ақындар,
Үдетіндер өлеңді,
Көрсетіндер өнерді! -

деп екпінмен бастап, одан әрі жауды жеңу үшін ақындар жырлай түсейік деп ақындарға үндеу тастап бастайды.

Осы сәтте Құмардың:
Домбыраны қолға алсам,
Өлеңім өрге өрлеген.
Мұнайдың аққан төрінен,
Қаһарлы күнде қарасам,
Мұнайы тасып үдеген.
Ұшырған көкке қиядан.
Самолет, танк ұядан.
Атқанда Сағыз қайраттан,
Арнаға сыймай мұнайды,
Кек көтеріп қайнатқан.
Майдан күйін тартқанда
Жауынгерлік жүректен.

Ақындарды сайратқан, - деп қара алтынның қаһарлы күндерде халықты қорғаудағы қажетті құралдың бірі екенін баса айтады. «Арнаға сыймай мұнайды, кек көтеріп қайнатқан» деген жолдарда тек соғыстағы жауынгерлердің емес, тылдағы әр еңбек еткен азаматтың

дұшпанға деген кегін, тып-тыныш бейбіт күнді бұзғандарға деген ызасын көрсете жырлайды. Соғыс жылдарындағы Отан қорғау идеясын тұтас халыққа уағыздауда айтыс ақындарының маңызды рөлін жоққа шығара алмаймыз. Көңілін бұлт басқан көрерменнің, тыңдарманның жанын бір сәтке жаман ойдан арылып, санасына рух, жүрегіне үміт сепкен жыр жүйріктері жан-жақтылығымен ерекшеленді. Себебі айтыс ақынының білімді, жан-жақты болуы маңызды. Қоғам өмірінен, әлеуметтік әлеуетінен, саясат сахнасынан, ұлттық идеологиядан хабардар болса, айтқан жыры ақиқат болып төгіледі. Халық та ондай ақындарға көңілінен төрінен орын беріп, жырдың көрігін қошеметпен қыздырып отырған.

Сұраубай өз кезегінде:

Шаршы топта сөйледің,

Құмар ақын желдіріп.

Тілдің өткір семсерін,

Фашистерге ендіріп.

Кеселдерді кескілеп,

Жыр жырлаймыз жеңдіріп, - деп жалынды сөздермен бастайды. Осы рухты сөздер арқылы Сұраубай ақын тыңдарманға дұшпанды жеңеміз деген сенім береді. Фашистерді жеңуде суық қарумен қатар тіл қаруының да көмегі көп екенін жеткізіп айтады. Әрі қарай өз ауданындағы мақтауға лайықты еңбек адамдарының мақтануға лайықты істерін тізе жөнеледі. Бекмамбетов, Шынтасов, Мерғалиев, Есенжанов секілді бұрғылау шеберлерінің 85 күндік жұмысты 24 күнде орындап, рекорд жасағанын, осылай тылда отырып-ақ майданға көмек ретінде еңбек даласында мақтануға лайықты іс атқарып жатқандарын жырына арқау етеді.

Ел басына күн туған шақта айтыс ақындары да бұл дүрбелеңнен шет қалмай өздерінің отты, рухты жырларымен халыққа күш беруі керегін жырына арқау етеді. Себебі, айтыс-ақиқат алаңы болғанда, айтыс ақыны қылыштай қиып түсер шындықты айтатын өнер иесі. Айтыс ақынының халыққа сүйкімділігі елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтауынан бастау алады десек, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда» да айтыс ақыны елдің мұң-мұқтажын жырлаған. Ендеше ел басына күн туған сәтте ел арасында «соғысты өз пайдаларына» жұмсағандардың жоқ еместігі белгілі.

Сондықтан айтыс барысында Сұраубай ақын өз сөзіне мұнай шығару цехының начальнигі Шелепиннің әрекетін де тұздық етеді. Шелепин сияқтылардың айналаға жағымсыз, тиянақсыздығын, салдыр-салақ әрекетін өткір сын садағына іліктіреді:

«...Жалқаулар да аз емес,

Шелепин оны көрмейді.

Өзімшілдік беделмен,

Есітпеген құлағы.

Бақылау жоқ, күту жоқ,

Ремонты бітпейді.

Мезгілдің өткен біразы

Промгараж бастығы,

Қамысбаев жолдастың

Байланысы аз болған,

Салқындықпен қараған.

Бұл жүрісі өзіне

Лайқат болып жараған». Ел арасындағы жасалмай жатқан шаруаға кінәлілерді өткір өлеңге қосуы Сұраубайдың қоғамдағы жағдайлармен жіті таныс екенін көрсетеді. Айтыс ақыны тек суырып салып өлең құрауды ғана мақсат тұтпай, жан-жақты білімділігін көрсете алуы айтыстың мазмұнын көркемдеумен қатар көрерменін қызықтыра алады. Айтыс

өлеңдері қай кезеңде де бірыңғай үкіметтің сойылын соғып, не бірыңғай оппозициялық топтардың көзқарасын жақтап кеткен жоқ. Айтыс ақыны көңілімен сезініп, ел арасында көзөімен көріп, білімімен тоқығанын айтады. Осы қыры айтыстың біздің халқымызға ғана тән кеңпейіл мінез бен ерекше болмысты танытатын қасиетін насихаттайды. Бұқара халық айтыскер ақындарды айрықша ардақтап, ерекше құрметтеген. Айтыс ақыны – қоғамдық аренаға шыққан халық өкілі ретінде саналған. С. Мұқанов айтқандай, төл өнер сахнасында жеңген ақын ел алында ақындық мандатын қорғағандай болады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы – халықтың жүрегі. Айтыс ақыны сөйтіп күллі халықтың жүрегінен орын алған ең сүйкімді, ең аяулы халыққа ең ардақты жанашыр адамның қатарында тұрады [10, 16-б.].

Айтыс – дала демократиясы екенінің тағы бір дәлелі осы Сұраубайдың өткір жырларынан көрінеді. Ол туралы айтыстың абызы Ж.Ерман, шынында «Ауруын жасырған өледі» дейді. Себебі қоғамда демократия көріністері аз. Халық арасындағы демократия, сөз бостандығы осы төл өнеріміз арқылы сақталған. Ақын санхада сынап, мінейді, елдің арасындағы мәселелерді көтергенде басшыларды аямай сын садағына іліктіреді, бірақ басшыға ешқандай ат-шапан айыбын төлемейді. Қоғамдық пікір тудырып, мәселені ортаға салады. Шын мәнінде, айтыс үкіметке де пайдалы. Себебі, халықтың ішінде, көкейінде тұнып жатқан қыжылды ақын сыртқа шығарып, жоғарғы жақты құлаққағыс етеді. Тіпті ол мәселе шешілмесе де халық ақынның шындықты айтқанына риза болады [11, 160-б.].

Сұраубай ақын айтқан бұл сынға қарсыласы Құмардың шумақтарынан шамданудың ізі білінбейді. Керісінше, айтқан уәждерінен нәтиже шығаратындай уәде беріп, қарсыласының ауданындағы кемшіліктер мен жағымсыз әрекеттерді әшкерелей жырлайды. Және нақты деректер келтіре отырып, сөзін сабақтайды:

«Уа, Сұраубай, Сұраубай,
Еңбек ерін жақсы мақтадың,
Кемшілікті жасырып
Жалқауды неге сақтадың?
Қанша жүйрік болсаң да,
Бұл сөзіме тоқтадың.
Дұрыс сенің айтқаның,
Шелепінді сынаған.
Сының өтті, мін кетер,
Сөзіңді алдым ұнаған.
Бірақ та, ақын жолдасым,
Бұрғылаудың бастығы
Гузовыңды айтпадың.
Жер асты ремонт мастері
Ыбыраев жолдастың
Кемшілігін таппадың.
Оңдалмай ма мұныңыз,
Болды ма әлде көңіл тоқ,
Білемісің мұнайдың,
Әр тамшысы жауға оқ!»

Қазақстанның батыс өңірі ғана емес, майданға өз үнімен үлес қосқан ақындардың шумақтары сол сәттерде елге рух бергені мәлім. Құмар ақынның бұл шумақтары 1943 жылғы айтыстардың ішінде Алматы облысында өткен Иманжан мен Қалқаның айтысындағы Қалқа айтқан мына шумақтармен үндес еді:

Отанға берген ақ пимаң,
Ақ қойымның терісі.

Отанға берген бәтеңкең,
Көк танамның терісі.
Отанға берген сары майың,
Көк сиырдың жемісі.
Отанға берген ақ наның,
Колхозымның егісі.

Шумақтарға сыйып тұрған әр өніммен қатар, оңтүстік макта, жүн терісінен жасалған өнімдерді көп берсе, батыс өңірі майданға мұнай, май өнімдерін беруден алдына қара салмады. Айтыста қарсыласын жену үшін, өз жерінің барлық жетістігін жіпке тізеді. Айтыстағы ақынның жеңісі ойдың мықтылығымен өлшенеді. Айтыс фольклордың бірі түрі ретінде өзгеріп отырады және айтыстағы жеңіс бір адамның жеңісі емес, бір этностың өкілдері болғандықтан тыңдаушылар мен ақындардың бірлескен шығармашылығының жеңісі болып табылады [12, 235-б.].

Ақындарға артылар жүкті сол кездегі мемлекеттік деңгейде маңыз берілгенінен айқын аңғаруға болады. Сондықтан да ақындарға қойылатын талап та жоғары болды, соның нәтижесінде соғыс кезеңіндегі айтыстардың мазмұндық, көркемдік деңгейі де бұрынғы айтыстармен салыстырғанда жоғары болды. Ақындар айтыс алдында идеологиялық-саяси бағытта семинар-кеңестерге қатысып, айтар ойларын айқындап алды. Ақындардың импровизациялығымен қатар саяси-экономикалық сауаттылықтары да жоғары бағаланды. Майдан жағдайы, тылдағы еңбек адамдарының өмірі ақындар назарынан тыс қалмады. Өйткені, «айтыс- қоғамдық ойдың қозғаушы күші. Айтыстың негізгі салмағы да, түйіні де өмір шындығы» [13, 541-б.].

Соғыс кезеңдеріндегі ұйымдастырылған айтыстарды оқи отырып, мынадай пайымдаулар мен байыпты байламдар жасаймыз:

Маңыздысы, біріншіден, төлтума өнеріміз айтыс өнері шығармашылық салалардың ішіндегі ең оңтайлы, насихатшыл, дәуір сыны мен қоғам жағдайына бейімделгіш нағыз шынайы өнер екендігі;

Екіншіден, ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен заманда идеология туын нықтап ұстап, үгітшілдік, насихатшылдық, ақпаратшылдық сипатын барынша ашып көрсете алатындығы;

Үшіншіден, насихаттық тұрғыда айтыс барысында мәтіндерінде статистикалық деректер мен цифрлық мәліметтерді қолданып, насихаттауы;

Төртіншіден, осы аталған ерекшеліктер негізінде дәуір болмысының келбетін шынайы көрсете білуі.

Айтыс мазмұнындағы маңызды негіз – айтыс ақындарының қоғамдағы жағдайларға объективті қарауында. Бірақ сыртта соғыс жүріп жатқанда, ол ақын психологиясына да әсер етпей қоймайды. Осы орайда дәстүрлі айтыстағы ақын психологиясында қобалжу күшейіп, адамның эмоциялық күйі мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуіне кедергі келтіретінін байқауға болады [14, 108-б.].

1941-1945 жылдары Қазақстанның қай өңіріндегі өткен айтыстар болмасын, шынайылығымен, әрі деректерінің молдығымен құнды. Ел басына қиын күн туып, ауыр кезең болған жағдайда, айтыскер ақындар сол тақырыпты бірге көтеріп, халықты рухтандырды. Сөйтіп айтыс арқылы бірлікке, тұтастыққа үндеді. Айтыстың халықшылдығы, рухшылдығы, ақиқат алаңы екені осы тұста қатты көрінді. Кеңестік идеологияға қаншама қайшы келгенмен айтыс, шежірешілік дәстүр, аңыз-әңгімелер, т.б. жанрлар рухани мұраларымыздың өзге де түрлері сияқты өз жалғасын тауып, жиналып отырды [15, 198-б.].

Соғыс жылдарындағы айтыс халықты біріктірудің басты құралына айналды, зұлматтың халықтың көңіл күйі мен психологиясына тигізген әсерін жеңілдетіп, жүректеріндегі жараны

жырларымен жаза білді. Ақынның ұрпаққа тағылымды тәрбие беретін ұлағатты ойлары мен орамды сөз өрнектері айтыс сынды қасиетті өнердің туын желбіретіп, мерейін өсірері ақиқат [16, 189-б.]. Халық ақындарының отты жырлары Отан қорғаудағы жеңімпаздық қуатты арттырып, майдандағы ерліктер жайында шабытты жырлар тудырғанын сол кездегі ғалым С.Қирабаевтың «Соғыс және әдебиет» мақаласында жан-жақты айтылды «Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі қазақ әдебиеті» деп дәуірленіп жүрген әдебиет, мезгілі жағынан онша ұзақ уақытты қамтымайды. Сондай-ақ аталмыш мақалада – мұның небәрі төрт-ақ жылдың әдебиеті екендігін айта келіп, соған қарамастан соғыс кезінің әдебиеті тарихта жиі кездесе бермейтін қоғамдық дамудың жеделдігі мен халықтық энтузиазмнің әдеби бейнесін терең таныта алатын әдебиет болып, тарихи бағаланғанын, мұның басты сыры совет әдебиетінің халық өмірімен тығыз байланысында, халықтың көкейкесті арманын жырлай білген реалистік сипатында еді», – деп жазады.

Қорытынды

Соғыс жылдарындағы ақындар айтысын талдағанда көрінетін негізгі ерекшеліктердің бірегейі – айтыс мазмұнының нақты дәйектер мен деректерден тұратыны. Айтыстарды саралай отырсақ, қай-қайсысында бейбіт күндегідей ақындардың жеке басының мінін теріп, ұсақ ұстанымға барғаннан гөрі халықтың жағдайы, шаруашылық жайы, өндіріс-өнеркәсіптердің тыныс-тіршілігі, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайдың жетістіктерімен қатар кемшіліктері шынайы жырланады.

Қорыта келгенде, айтыстың тақырып алуандығы жағынан ерекшеленіп, идеологиялық-саяси тұрғыдан маңызды рөл атқарған тарихи кезеңі деп соғыс жылдары деп айтуға толық негіз бар. Айтыс сияқты патриоттық жанрдың қанды жылдардағы қадірі тіптен арта түсті. Жалпы жанрдың қай-қайсысының да даңғыл жолмен дамיתын, кейде керісінше құлдылайтын кезеңдері болатынын ескерсек, айтыс ел үшін маңызды жауапты кезеңдерді шешуші рөл атқарғанын байқаймыз. Ел басына күн туып, сын сағаты соққанда халыққа дем беретін, езіліп бара жатқан еңсесін тіктеуге, тізесін дұшпан алдында бүкпеуге лайықты үндей алаты, халықты рухтандырып, тұтастықты сақтауға тура жолды көрсете білетін нағыз елжанды ерекше жырлар. Дұшпандардың озбырлық әрекетін әшкерелеу мен біздің батырлардың ерлігі мен еңбегін жырлауды ақындар алдына жан салмады. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі ақындармен қатар Батыс өңіріндегі айтыс ақындары да майданға өз үндерімен рух беріп, жеңіске жауынгерлік рухтағы жырларымен үлесін қосты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Айтыс. 1 т. – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 б.
2. Асанов К. Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты. Электронды оқулық. URL: <https://adebiportal.kz/upload/iblock/d12/d12a00640c0832fa23edce30a75d6d85.pdf> (қаралған күні 12.02.2025)
3. Қаһарлы сөз камал бұзады / Құраст. Сейдахметұлы К. – Алматы: Ғылым, 1995. – 271 б.
4. Әуезов М. Совет ақындарының айтысы. Айтыс. III том. – Алматы: Жазушы, 1966. – 620 б.
5. Kozhabekova Zh., Pangereev A. National Idea of Kazakh Aityys of the XIX-XX Centuries // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 126–138.
6. Қирабаев С. Октябрь және қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1968. – 268 б.
7. Жақып Б. Қазақ публицистикасының қалыптасып даму жолдары. – Алматы: Білім, 2004. – 368 б.
8. Иманжапар М. Соғыс жылдарындағы ақындар айтысы // Дидар. – 08.05.2015. – Б. 5-6.
9. Қазақ өнерінің антологиясы: Айтыс. III том. – Астана: Күлтегін, 2014. – 400 б.
10. Мұқанов С. Айтыстар туралы. Айтыс. 1 т. – Алматы: Жазушы, 1965. – 556 б.
11. Ерман Ж. Екі тізгін бір шылбыр. – Алматы: Атамұра, 2008. – 320 б.

12. Berdibaev S.K., Syrgakbayeva A.S., Abdualiyev A.Z., Berdibaev S.K., Garber A. Psychological nature of the art of aitys // Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – 2020. – №1(144). – Б. 235–239.
13. Шахманова Г.Ш., Тлеубердина Г.Т., Нуржаксина М.К., Каналина Г.М. Қазіргі айтыстың әлеуметтік сипаты // Абылай хан атындағы ҚХҚӘТУ хабаршысы. – 2024. – №1(72). – Б. 539–552.
14. Zhalgasbayeva K. Deelopment of internet Aitys in Kazakhstan // Milli Folclor. – 2024. – Vol. 18, Issue 143. – P. 99–110.
15. Мурсалимова Н.М., Сманова Е.А. Жетісу ақындар айтысының жиналу тарихы // Керуен. – 2022. – Том 75, №2. – Б. 193–201.
16. Тлеубердина Г.Т., Нуржаксина М.К., Рахымов Б.С., Шахманова Г.Ш. Қазіргі қазақ айтысының көркемдік-идеялық сипаты (Мұхамеджан Тазабеков айтыстары негізінде) // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2024. – №3 (115). – Б. 182–192.

REFERENCES

1. Aitys. 1 t. [Aitys. Vol. 1]. – Almaty: Zhazushy, 1988. – 288 b. [in Kazakh]
2. Asanov K. Aitys onerinin publicistikalyq sipaty. Elektrondy oqulyq. [The journalistic nature of the art of aitys. Electronic textbook.]. URL: <https://adebiportal.kz/upload/iblock/d12/d12a00640c0832fa23edce30a75d6d85.pdf> (date of access 12.02.2025) [in Kazakh]
3. Qaharly soz qamal buzady [A fierce word will destroy the Castle] / Qurast. Seidehanuly K. – Almaty: Gylym, 1995. – 271 b. [in Kazakh]
4. Auezov M. Sovet aqyndarynyn aitysy. Aitys. III tom. [Aitys of Soviet poets. Aytys. Volume III]. – Almaty: Zhazushy, 1966. – 620 b. [in Kazakh]
5. Kozhabekova Zh., Pangereev A. National Idea of Kazakh Aitys of the XIX-XX Centuries // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – Б. 126–138.
6. Qirabaev S. Oktibr zhane qazaq adebiyeti [October and Kazakh literature]. – Almaty: Zhazushy, 1968. – 268 b. [in Kazakh]
7. Zhaqyp B. Qazaq publicistikasynyn qalyptasyp damu zhaldary [Ways of formation and development of Kazakh journalism]. – Almaty: Bilim, 2004. – 368 b. [in Kazakh]
8. Imanzhapar M. Sogys zhyldaryndagy aqyndar aitysy [Aitys of poets of the war years] // Didar. – 08.05.2015. – Б. 5-6. [in Kazakh]
9. Qazaq onerinin antologiasy: Aitys. III tom [Anthology of Kazakh art: Aitys. Volume III]. – Astana: Kultegin, 2014. – 400 b. [in Kazakh]
10. Muqanov S. Aitystar turaly. Aitys. 1 t. [About the aitys. Aytys. 1 t.]. – Almaty: Zhazushy, 1965. – 556 b. [in Kazakh]
11. Erman Zh. Eki tizgin bir shylybyr [Eki tizgin bir shylybyr]. – Almaty: Atamura, 2008. – 320 b. [in Kazakh]
12. Berdibaev S.K., Syrgakbayeva A.S., Abdualiyev A.Z., Berdibaev S.K., Garber A. Psychological nature of the art of aitys // Qazaqstan Respublikasynyn Ulttyq gylym akademiasynyn habarshysy. – 2020. – №1(144). – Б. 235–239.
13. Shahmanova G.Sh., Tleuberdina G.T., Nurzhaksina M.K., Kanalina G.M. Qazirgi aitystyn aleumettik sipaty [Social character of modern aitys] // Abylai han atyndagy QHQATU habarshysy. – 2024. – №1(72). – Б. 539–552. [in Kazakh]
14. Zhalgasbayeva K. Deelopment of internet Aitys in Kazakhstan // Milli Folclor. – 2024. – Vol. 18, Issue 143. – P. 99–110.
15. Mursalimova N.M., Smanova E.A. Zhetisu aqyndar aitysynyn zhinalu tarihy [History of the assembly of Zhetyssu Akyn aitys] // Keruen. – 2022. – Том 75, №2. – Б. 193–201. [in Kazakh]
16. Tleuberdina G.T., Nurzhaksina M.K., Rahymov B.S., Shahmanova G.Sh. Qazirgi qazaq aitysynyn korkemdik-ideialyq sipaty (Muhamedzhan Tazabekov aitystary negizinde) [Artistic and ideological character of modern Kazakh aitys (based on the aitys of Mukhamedzhan Tazabekov)] // Qaragandy universitetinin habarshysy. – 2024. – №3 (115). – Б. 182–192. [in Kazakh]